

«Жұбановтану» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы – «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

Эл.почтасы: aliya_030471@mail.ru

Байланыс телефондары: 87776189971, 87013855275

«Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары:

«Жұбановтану» мәселелері мен жалпы қазіргі тіл біліміндегі, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық парадигма мен лингводидактикадағы ғылыми тұжырымдарға негізделген арнайы білім бағдарламаларын құру, оны теориялық және қолданбалы тіл білімі, орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация кафедраларының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстары арқылы білім беру процесіне енгізу;

Қазақ тілін латын графикасына көшірудің ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік материалдарын дайындау, қолданысқа енгізу;

«Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының негізгі мақсаттары:

Ақтөбе өңірінің тілші-ғалымдары мен тілші-әдіскер ғалымдарының зерттеулерін жинақтау, талдау, қазіргі тіл білімі мәселелерімен сабақтастыру;

«Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері жетекшілігімен бакалавриат пен магистратурада білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау;

«Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының негізгі міндеттері:

Аймақтық лингвистика мен ономастика, этнолингвомәдениеттану саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу

Ақтөбе өңіріндегі тілдік жағдаяттар мен тілдік ахуалды зерттеу, талдау, соған сай мақалалар дайындау

Ақтөбе аймағы тұрғындарының (қала және ауыл) сөз мәдениеті мен жергілікті БАҚ-тағы лингвоэкологиялық мәселелерге зерттеу жүргізу, талдау, ұсыныстар енгізу

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге қатысты оқу курстарын, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми материалдар дайындау

Ақтөбе облысы тұрғындарымен және мектеп оқушыларымен ағартушылық жұмыстарын жүргізу

Электронды виртуалды мұрағат пен мәліметтер базасын жасау

Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметтері

Ғылыми әрекет аясында:

«Қ.Жұбанов зерттеулері қазіргі лингвистикалық парадигма мен лингводидактикада» тақырыбында лексика, ономастика, этнолингвомәдениеттану, грамматика бағытында зерттеулер жүргізу;
«Жұбанов тағылымы» ғылыми конференциясын ұйымдастыру (жыл сайын);
«Қ.Жұбанов зерттеулері және қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселелері» тақырыбында ғылыми жоба дайындау, гранттық қаржыландыру конкурсына қатысу;
Ғылыми зерттеулер нәтижелерін импакт-факторлы және ҒББҚК тізіміндегі журналдарға жариялау, монографиялық еңбектер әзірлеу.

Оқу әрекеті аясында:

Қазақ сөзінің ерекшелігін (ауызша, жазбаша, интернет) танытатын материалдар жинақтауға мектеп оқушыларын, жалпы тұрғындарды тарту мен олардың арасында лингвистикалық сауалнамалар алу, заман өзгерісіне сай туындаған тілдік он және теріс өзгерістерді талдау, мақалалар жариялау;
Мектеп, мұражайлар, кітапхана қызметкерлерімен бірлестікте аймақтық лингвистика, ономастика, т.с.с. тіл білімі мәселелеріне арналған шаралар ұйымдастыру;
Ақтөбеліктер есімдерінің тілдік сипаты мен олардың этимологиясына талдау жасау;
ҚР ресми қабылданған латын әліпбиіне қазақ тілі материалдарын көшіру мен оны оқу мен жазуды үйретуді жүзеге асыру;
Лингвоэкологиялық баланстың өзгеруіне байланысты мәселелерді анықтау мен сол бойынша туындаған сұрақтарға жауап әзірлеу.

Ағартушылық әрекет аясында:

«Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығы ғылыми тақырыбы бойынша студенттер мен магистранттарға шеберлік сағаттары мен семинарлар ұйымдастыру;
Факультет студенттерінің, магистранттарының бітіру жұмыстарын зертхананың ғылыми-зерттеу тақырыптарымен байланыстыра орындату;
Факультетте білім алушылардың оқу, өндірістік, педагогикалық практикадан өтуіне қатысты жұмыстарды орындау;
Ғылыми - зерттеу тақырыптарына сай оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық материалдар дайындау;
Факультет түлектеріне жұмыс ұсынушылармен тығыз байланыс жасап, жұмысқа орналасу мәселелерін шешуге атсалысу;
Мұғалжар ауданы Жұрын кентіндегі Қ.Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебімен теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының бірлескен жобаларын орындау.

«Жұбановтану» зертханасының жұмыс нәтижелері

Жұбановтануға
қатысты дайындалған
ғылыми зерттеулер:

3 монография

10 оқу
құралы

Жұбановтанушы
ғалымдардың
дайындалуы:

1 ғылым докторы
(Тектіғұл Ж.О.)

8 ғылым кандидаты
(М.О.Миров,
Садуақас Н.Ә.,
Сұлтан Ж.И., Жазықова
М.Қ., Оралбай Ә.,
Терекова Ф.Е.,
Аймағамбетова А.Ш.,
Қарабина А.Ә.)

«Жұбанов тағылымы»
халықаралық ғылыми
конференциясының
дәстүрлі
ұйымдастырылуы;

Мамандықтардың
жұмыс оқу жоспарына
«Жұбановтану»
курсының енгізіліп, жыл
сайын оқытылуы;

«Жұбановтану» ғылыми
және ғылыми-танымдық
семинарлардың өткізілуі;

БАҚ-та «Жұбановтану»
айдарымен материалдар
жариялау;

«Ең үздік
Жұбановтанушы»
конкурсының
ұйымдастырылуы